

FTAMP 11.25.15

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.2.33>

¹Мұқаметханұлы Н.  ²Хамарова Ж. 

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com, ²zhanna.khamarova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ БАСЫЛЫМДАР АЛМАСУДЫҢ ДАМУЫНА ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – Қазақстан мен Қытай арасындағы басылымдардың алмасуына байланысты мәселелерді талдау болып табылады. Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси-дипломатиялық қатынастардың дамуына байланысты, екі ел арасындағы мәдени байланыстар да үздіксіз дамып келеді. Соның бір саласын кітаптар басылымдары алмасу құрайды. Зерттеудің жаңалығы, бағыттары және идеялары. Мақалада екі ел бір-бірінің мемлекеттік тілдеріне тәржімалап алмасып отырған басылымдардың мәдени ықпалдастығын зерделенеді. Қазірге дейін алмасуға түскен басылымдарды тарихи тұрғыдан қарастырып, олардың мазмұндары бойынша жүйелеп талдау жасау арқылы мәдени ықпалдастық тенденциясы талқыланады. Ұқсамаған ұлттар арасында мәдениеттер алмасуы болады екен, бір-біріне мәдени әсер болатыны заңды. Ұлы ойшылдардың қоғамдық идеялары адамдардың ой-санасын өсіреді, танымын кеңдетеді, дүниетанымы мен құндылық көзқарастарына әсер етеді. Практикалық маңыздылығы. Қазіргі таңдағы Қазақстан мен Қытай арасындағы кітап басылымдар алмасу екі ел халықтарына қандай ықпал етіп отыр деген мәселені қарастырылып, екі ел арасында алмасуға түсіп отырған басылымдардың қазақ-қытай халықтарының өзара түсіністігі мен танымының дұрыс қалыптасуына ықпал етуде деген тұжырым жасалады. Мақалада талдау, синтез әдістері және диахрондық әдіс қолданылды.

Түйін сөздер: Қазақстан мен Қытай, мәдени байланыстар, классикалық шығармалар, аударма басылымдар, мәдени ықпалдастық.

Кіріспе

Қазақстан мен Қытай ежелден іргелес көрші мемлекеттер болғандықтан екі ел халықтары арасында өзара байланыстар ертеден жалғасып келеді. Ал Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін екі мемлекеттің қатынастары жаңа сипатта, кең көлемде дами бастады. Қазіргі таңда екі ел қатынастары мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынас деңгейіне көтеріліп отыр.

Қазақстан – Қытай байланыстарының маңызды бір саласы – мәдениет алмасуы. Әрине, өзара мәдениет алмасулар тарихта «Ұлы Жібек жолы» арқылы да болған. Алайда қазіргі таңдағы екі халық арасындағы рухани мәдени алмасулардың тездігі, мазмұның кеңдігі мен ықпалының тереңдігі тіптен бөлек! Екі ел арасында өзара ықпалдастық та айтарлықтай жүріп жатыр. Алайда осы құбылыс жөнінде отандық және шетелдік басылымдарда қазірге дейін арнайы арнаулы зерттеу еңбектері жариялана қойған жоқ.

XX ғасырдың басына дейін қазақтар мен қытайлар арасында мәдени байланыстар стихиялы түрде жалғасып келген. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қытай – КСРО қатынастары контекстінде өрістеді. 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін екі ел қатынастары жаңа сипатта дами түсті. Мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстар дипломатиялық қатынастардың дамуымен тереңдеп келеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстардың бір саласы – басылымдар алмасуы. Екіжақты мәдени байланыстар басылымдар алмасуы – екі ел халықтарының рухани түсінігін тереңдетіп, өзара ықпал етіп

келеді. Сондықтан бұл мақала отандық және қытайлық гуманитарлық ғылым саласында қазірге дейін ресми түрде өзара алмасып келген басылымдарды типтік тұрғыдан жүйелеп, екі елге мәдени рухани ықпалдастығын антаудың ғылыми теориялық та, практикалық қолданыс маңызы да жоғары болмақ. Өйткені көршілес екі ел арасындағы басылымдар алмаулардың екі ел халықтарының өзара түсіністігі мен танымына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып саналады.

Бұл мақаланың басты мақсаты – ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастар аясында дамып келе жатқан мәдени ынтымақтастық көлемінде ресми басылымдар алмасудың мәдени, рухани ықпалдарына талдау жасау, ғылыми баға беру. Ал зерттеудің басты міндеттер: екі елде қазақ және қытай тілдерінде аударылып, алмастырып отырған кітаптардың типтері мен мазмұнына талдау жасау және оның ықпалын қарастыру. Сонымен бірге қос мемлекеттің бір-біріне бағыттап шығарып отырған басылымдардың сипатын ашып, ықпалдастық тенденциясын анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Мақаланың теориялық-әдіснамалық негізі қазіргі заманғы халықаралық үрдістерді зерттеу саласындағы жетекші ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Зерттеу барысында кешенді анализдің дедуктивтік әдістері қолданылды. Еңбектің негізгі тұжырымдамасы екі ел арасында өзара алмасқан кітап басылымдарды жүйелеп талдап жасау әдістері қолданылды. Басылымдар арқылы бір-біріне тараған мәдениеттер және оның өзара ықпалының нақтылы көріністеріне халықаралық, этносаралық мәдениет алмасу теориясының практикалық тәсілдері кешені қолданылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақстан – Қытай арасында мәдени байланыстардың бір мазұны - кітап және журналдар алмасудан көрінеді. Тарихи тұрғыдан қарастатын болсақ, Қазақстан мен Қытай арасындағы әдеби, саяси басылымдар алмасулар өткен ғасырдың 50-ші жылдары басталғанын байқаймыз. 1949–1965 жылдары екіжақта аударылған әдебиеттердің алмасуы көп болды. Қытайдың белгілі авторлары Лао Шэ, Лу Синь, Юань Цзинь, Ван Мин және басқа да танымал жазушы тұлғаларың шығармалары орыс тілінен қазақ тіліне аударылды [1, 168 б.]. Бұл авторлардың шығармалары республикамыздың Ұлттық кітапханасында қазірге дейін сақтаулы тұыр. Екі ел арасындағы басылымдар алмасу ел тәуелсіздігінен кейін дами түсті. Төменде соларға нақты тоқталамыз.

Талқылау

Тарихи еңбектер. Кеңестік кезеңде қазақ тарихы көп бұрмалауға ұшырағаны белгілі. Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қытайлық тарихшылардың қазақ тарихы жөнінде жазған зерттеу еңбектері мен қытай тілінде жазылған тарихи жазба деректерді баспадан шығаруға отандық баспагерлер көп көңіл бөлді. 1994 жылы қытайлық қазақ ғалымы Нығмет Мыңжанның 1987 жылы «Шыңжаң халық баспасынан» шыққан «Қазақтың қысқаша тарихы» атты монографиясы Алматыда «Жалын» баспасы крилициамен жарық көрді. Аталмыш еңбектің ерекшелігі қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттік бастау көздерін сақ, ғұн, түркі қағанатына сабақтап, одан түркеш, қарлұқ, қаракидан, қыпшақ, Алтын орда, одан Қазақ хандығына дейін сабақтаған құрылым жүйесі мен концепциясында еді. Бұл еңбек отандық тарихи сананың жаңғыруына зор ықпал етті. Сондай-ақ ұлттық тарихымызды жазуға ықпал етті.

1989 жылы «Шыңжаң университеті баспасынан» жарық көрген, сол университеттің профессоры, белгілі қазақ тарихын зерттеуші қытай ғалымы Су Бейхайдың «Қазақтың мәдениет тарихы» атты көлемді монографиясы, Тұрсынхан Зәкенұлының қысқартылып,

құрастырып жазып аударған нұсқасы 2001 жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қолдауымен Алматыда «Атамекен» баспасынан шықты. Аталмыш монография қазақ мәдениетін археологиялық және жазба тың деректерді ғылыми айналымға қосумен және қазақ мәдениет қайнарын байырғы жартас суреттерінен қазірге дейін жүйелеп пайымдауымен құнды болып саналады. Алайда автордың саясиленген тұжырымдарымен келісуге болмайды [2, 132 б.]. Дейтұрғанмен бұл монографияның ұлттық мәдениет тарихымызды терең зерттеуге деректік базалық негіз қалады және этномәдениетімізді терең зерттеуге белсенді ықпал етті деуге болады.

2014 жылы Бейжин «Ұлттар» баспасынан шыққан «Қытайдың жаңа заман тарихы (1949-1978 жылдар)» атты үш томдық көлемді еңбек, Қытайда қазақ тіліне аударылып Қазақстанда «Орхон баспа үйінен» криллицамен басылып шығып таратылды. Аталмыш еңбекті аударғандар Айтқазы Қалиұлы, Сұлтан Имашұлы, Қаһар Сәлімжанұлы және басқалар. Бұл еңбектің бірінші томында ҚХР-дың 1949-1956 жылдардағы тарихы пайымдалған. Екінші томында ҚХР-дың социалистік құрылыс жолындағы табанды күресі мен ізденістері баяндалады. Үшінші томында Қытай Халық Республикасының 1966-1976 жылдар аралығында бастан кешкен атышулы «Мәдени төңкерісі» мол деректерімен сипаттап жазыған. Аталымш еңбектің елімізде басылып шығарылуы, қазақстандық оқырмандардың қытай халқының бастан кешкен тарихымен танысуына мүмкіндік береді.

Тарихи деректер жинағы. Қазақ тарихына қатысты қытай тілінде жазылған деректерді қазақ тіліне аудару ісі айтарлықтай дамып келеді. Соның негізгілерін ғана атап өтеміз.

Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастыруымен қытай тілінің майталмандары Мүтәліп Алпамыс пен Тұрсын Жиылұлының көне қытай тілінен аударған «Ғұндар тарихының хроникасы» атты деректер жинағы 2004 жылы Түркістанда баспадан шықты.

Қазақстан Республикасының Қытайдағы Елшілігінің ғылыми тапсырмасы бойынша, тарихшы Шадыман Ахметұлы баспаға дайындаған «Ежелгі үйсін елі» атты қомақты тарихнама және деректер жинағы 2005 жылы Үрімжіде «Шыңжаң халық баспасынан» криллица жазуында басылып шықты. Осындай тапсырма бойынша Шадымен Ахметұлы баспаға дайындаған «Ұлы Түркі қағанаты» атты ауқымды еңбек 2006 жылы кириллицамен «Шыңжаң жастар-өрендер баспасынан» басылып шықты; Жақып Мырзаханның басшылығымен Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясының ұжымы қытай тарихи жазбаларынан сұрыптап аударып баспадан шығар 4 томдық еңбектің 2 томы «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының дереккөздері» деген атпен 2006 жылы Алматыда «Өнер» баспасынан жарық көрді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2006 жылы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының мамандары Бақыт Еженхан, Жанімхан Ошан, Сағынтай Сұңғатай қатарлы аударып, коментарий жасап баспаға дайындаған академиялық «Қазақстан тарихы туралы қытай деректері» атты 6 томдық деректер жинағы, Алматыда «Дайк-Пресс» баспасынан 2005-2009 жылдар аралығында баспадан шықты.

Бұл еңбектердің елімізде жарық көріп, ғылыми айналымға түсуі – отандық тарих ғылымының деректер базасын байытып, қазақ тарихын, Қазақстан, тіпті Орталық Азия тарихын зерттеуге тың деректік негіз қалады. Сондай-ақ Отандық тарих жадының жаңғыруына да белсенді ықпал жасады.

Қазақ классикалық шығармаларының қытай тіліне аударылуы. Ұлтымыздың бас ақыны, ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың шығармалары ХХ ғасырдың 40-жылдары қытай тіліне аударыла астаған. Белгілі ғалым Нығымет Мыңжани Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген мақаласын, Су Бейхаймен бірлесіп қытай тіліне аударып 1947 жылы Шанхайдан шығытын «Нан hai chao – 瀚海潮» журналда жариялады. Нығымет

Мыңжани басқалармен бірлесіп Абай өлеңдерін құрастырған кітапшасы 1948 жылы «Сәуле» баспасынан басылып шықты.

1950-жылдарды Қазақстанда төте жазуда басылған Абай шығармалары Қытайдағы қазақтарға таратылады. Осы жылдары қазақ, қытай тілдерін жақсы меңгерген сібе ұлтының өкілі Қабай (Хао Ханьчжан) Абай өлеңдерін қытай тіліне аударып мерзімді басылымдарда жариялады.

1954 жылы Қабай мырза Абайдың «Ескендір» поэмасын алғаш тәржімалап, «Аударма» журналында жариялайды. 1958 жылы ол «Қазақтың ұлы ақыны Абай» деген зерттеу мақаласын қытай тілінде шығатын «Тянь-Шань» журналының 8-санында жариялады. 1958 жыл ол 3 поэманы ір кітап етіп құрастырып «Абай дастандары» деген атпен «Халық әдебиеті» баспасынан шығарады. 1982 жыл «Абайдың таңдамалы шығармаларын» қытай тіне аударып «Шыңжаң халық баспасынан» шығарады.

1984 жылы Абайдың қарасөздерін «阿克利亚» («Ақылия») деген атпен «Шыңжаң халық баспасынан» шығарады. 1987 жылы «Абай және Абай шығармалары» атты зерттеу еңбегі Қаһармен Мұқанұлының қазақ тіліне аударуымен Бейжин «Ұлттар баспасынан» жарық көрді. 1995 жылы ғалымның «阿拜研究论集» («Абай зерттеу мақалалар жинағы») деген еңбегі «Ұлттар баспасынан» басылып шықты.

1995 жылы қытай қаламгері, аудармашы Су Жоушион зерттеп жазған «成格斯山峦的三巨头 – 阿拜, 恰卡里姆, 穆赫塔尔» («Шыңғыс тауының үш шоқысы – Абай, Шәкарім, Мұқтар») атты еңбек «Ұлттар баспасынан» жарық көрді. Бұл еңбегін автор «Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың уғанына 150 жыл мерей тойына арнап» жазғанын атап көрсетеді.

1998 жылы «Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, экс президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай тураы сөз» деген еңбегін қазақ, ұйғыр және қытай тілінде бір кітап етіп шығарды. Абай шығармаларының қытай тілне аударылып, қалың оқырмандарға жол тартуы – қытайлық оқырмандардың Абайды, Абай арқылы қазақ халқын терең түсінуіне мүмкіндік жасады. Қытай зерттеушілері Абайды арнаулы зерттей бастады. Соның бір мысалы, Чжэн Чжиндун докторлық диссертация ретінде жазған «阿拜哈萨克草原上的北极星» («Абай – Қазақ даласының жарық жұлдызы») монографиясы, 2003 жылы «Ұлттар баспасынан» оқырмандарға жол тартқан.

Қытайлық белгілі жазушысы, аудармашы Су Жоушион мен танымал қазақ жазушысы Әкбар Мәжит бірлесіп аударған, Абайдың 150 жылдығына арналған «Абайдың қарасөздері» («阿拜箴言录») атты кітаптың 1995 жылы «Ұлттар баспасынан» шығуы маңызды оқиға болды. Бұл Абай қара сөздерінің біршама жақсы аударылған нұсқасы болды. Әкбар Мәжит «阿拜箴言录»-да жазған «Абайдың тартымдылығы» атты алғысөзінде: «Ұлттар баспасы қазақ редакция бөлімі Су Жоушион мырза аударған (қара сөздің) аударма нұсқасын түпнұсқамен салыстырып көрген соң, менен түпнұсқадан қайтадан аударуымды сұрады. Олар маған уақыт шектеп, үш ай ішінде аударманы бітір, алты ай ішінде кітапты баспадан шығаратын жоспарын айтты» дейді. Демек, Әкпар Мәжит Абай қарасөзін қазақша нұсқадан қайта аударған екен. Әрине, ол Су мырзаның орысшадан аудармасын пайдаланы. Екі жазушының қолынан шыққан аударманың сапасының біршама жоғары болғанын атап айтуға болады. Екі елдің ресми өкілдері мен жазушылары дейді Әкбар - «көркем әдебиеттің биік үлгідегі туындыларын аудару жалғасын тауып жатса, екі ел халықтарының көңілдері де тоғысып жатады. Шығармаларды қазақ-қытай тілдеріне аударылып жатқан әрбір авторды - екі елдің арасындағы алтын көпір, әдеби елші деп атауға болады [3, 212 б.]. Қазақ әдебиетінің інжу-маржаны, классикасы саналатын ұлы Абайдың «Қара сөздерінің» жарық көруіне Қытайдағы қазақ жазушысы, қоғам қайраткері Әкбар Мәжит зор еңбек сіңірді (Yang Zhong, 1995).

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында 1956 жылы басылған «Абай» мен «Абай жолы» романдарын 1981 жылы «Шыңжаң халық баспасы» өте жазумен басып шығарды, кейін бірнеше рет қайта басылып, қалың оқырмандардың сұранысын қамдады. 1994 жылы Мұхтар Әуезовтің «Абайтану мәселелері» атты зерттеу еңбегі «Шыңжаң халық баспасынан» Әбділдабек Ақыштайұлының құрастыруымен жарық көрді. Кітаптың соңына құрастырушының «Мұхтар және абайтану» атты көлемді мақаласы қоса берілді. Бұл еңбектер оқырмандардың классиктердің шығармаларын терең түсініп, эстетикалық нәр алуға мұрындық болғаны сөзсіз.

2004 жылы қазақтың заңғар жазушысы, академик Мұқтар Әуезовтың «Абай жолы» 4 томдық эпосы романы, Қабай мен Гау Шунфаньның қытай тіліне аударған нұсқасы «Ұлттар баспасынан» жарық көрді. Бұл да Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени басылымдар алмасу тарихындағы маңызды оқиға болды. Содан кейін Мұхтар Әуезов пен оның шығармашылығы туралы қытай авторларының мақалалары әр түрлі газет - журналдарда жарияланып жатты.

Белгілі тарихшы ғалым, профессор, қоғам қайраткері Ерлан Сыдықов қазақтың ұлы философ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлын зерттеп жазған «Шәкәрім» (орыс және қазақ тілінде) 2013 жылы Алматыда «ИП Волкова Е.В.» баспасынан шыққан қомақты еңбек еді, Бұл еңбекті Қытайдың Сиань Шет тілдер университетінің лингвист ғалымы Ли Сичань қытай тіліне аударып баспадан шығарды. Аудармашы қазақ халқының өмірі мен тұрмыс-тіршілігімен біршама жақсы таныс, бір мезгіл Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-дегі Конфуций институтында жұмыс істеген орыс тілі маманы. Ол «Қазақ пен Қытай халықтарының екі ойшылының (Конфуций мен Шәкәрім) шығармаларынан өмірге деген көзқарас, Отанға деген патриотизмді байқауға болады. Сондықтан Конфуций философиясын құрметтейтін оқырмандар Шәкәрім туралы жазылған бұл шығарманы да жоғары бағалайды» деп санайды. Аталмыш кітаптың қытай тіліне аудармасының тұсаукесер рәсімі 2018 жылдың 2 сәуірінде Сиань Шет тілдер университетінде (SUIE) өтті. Бұл кітаптың қытай тіліне жарық көруі - екі ел мәдени байланыстарының дамуын ілгерлетіп, қалық қытай оқырмандарының қазақтың философиялық поэзиясын түсінуге негіз қалады. Сондай-ақ екі ел халықтарының рухани өміріндегі құнды аударма болатыны сөзсіз [4].

Қытай классикалық шығармаларының қазақ тіліне аударылуы. Қытай мәдениеті мен әдебиетінің тарихы ұзақ, мазмұны өте бай. Солардың ішінде әлем мойындаған классикалық шығармалары жетерлік. Солардың ішінен инжу-маржандарын сұрыптап алып қазақ тіліне аударып жүргендердің бірі және бірегейі қытайтанушы ғалым Дукен Мәсімханұлы. Ол қытайдың ерте заманнан қазірге дейінгі әлемге кең танылған ақын-жазушыларының шығармаларын таңап аударумен айналысып келеді. Дукен Мәсімханұлы қазірге дейін, Ли Бай, Лу Синь, Ба Цзинь, Лау Шэ, Ай Цин, Юй Гуанчжун, Ван Мэн, Мо Янь, Те Нин, Чжан Цинчжи, Гу Цин, Чэн Дундун, Чжао Лихуа, Дин Дан т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударып мерзімді басылымдарда жариялады және жеке кітап етіп шығарды. Соның ішінде Ба Цзиньнің «Әулет», Мао Дуннің «Түн», Шэнь Цунвэннің «Шалғайдағы Шаһар», Лао Шэнің «Түйе Сиянцзэ» шығармалары бар. Бұл шығармалардың қазақ тілінде шығуы - екі ел халықтарының жоғары деңгейді өзара түсіністікке жетелейтіні заңды.

ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті Елшісі Чжан Ханьхуэй, екі жақты мәдени байланыстарды нығайтуда қазақ тілінде ұсынылған басылымның ерекше рөлін атап өткен (Хі Jinping, 2015). Ал ҚХР-дың Алматы қаласындағы Бас консулы Чжан Вэй: Қытай авторларының шығармалары дүниежүзінің 190-нан астам елдің тілдеріне тәржімаланады. Әлем елдері аудармашыларын ынталандыру мақсатында, Қытай үкіметі классикалық «Қытай авторы» халықаралық баспа жобасы бойынша көп жылдар бойы қытай тіліне 5000-нан астам кітапты аударып басып шығару жұмысын қаржыландырып келген «Жібек жолы әдебиеті»

баспасы құрылды» [4], деп мәлімдеген-ді. Бұл деректен алдағы жылдар аударма басылымдардың көбейетінін аңғаруға болады.

Саяси басылымдар. Қазақстан мен Қытай үкіметтері екі мемлекет басшыларының еңбектері қытай, қазақ және орыс тілдеріне аударып баспадан шығарып, елге таратып келеді. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың, Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбектері қытай тіліне аударылса, Дэн Сяопин мен Си Цзиньпиннің бірқатар саяси еңбектері де қазақ және орыс тілдеріне тәржімаланып, қытай-қазақ оқырмандарына таратылды.

2004 жылғы 18 мамырда Қазақстанның Қытайдағы Елшілігінде Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің мүшесі Тан Цзясюань Н. Назарбаевтың қазақ және қытай тілдерінде шыққан «Сындарлы он жыл» атты кітабына оң баға берді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бірнеше кітабын қытай тіліне аударды. 2016 жылы оның «Сотворение Казахстана» атты еңбегі Қазақстан Республикасының Қытайдағы Елшілігінің қолдауымен және «Синьсин» корпорациясының қаржылық көмегімен «Чжэньминь» мемлекеттік баспасында қытай тілінде жарияланды. Қытай тіліне аударманы Бейжин университетінің профессоры Е. Юньлун бастаған бір топ аудармашылар жүзеге асырды.

2017 жылы «Назарбаев антологиясы: Қазақстан халқының ойлары мен даналығы» атты жинағы, Президент Әкімшілігінің қолдауымен Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясы қытай тіліне аударды. Кітапқа жыл сайынғы Жолдаулары, мақалалары мен сөйлеген сөздері енген. Қытайдың Қоғамдық ғылымдар академиясының президенті Ван Вейгуань бұл кітапты маңызды еңбек деп бағалады.

1997 жылғы 29 шілдеде Н. Назарбаевтың «Ғасыр тоғысында» атты кітабы қытай тілінде басылып шықты. Содан кейінгі жылдары оның «Әділеттің ақ жолы», «XXI ғасыр алдында», «Бейбітшілік кіндігі» және «Тарих толқынында» атты еңбектері де қытай тіліне аударылып шықты [5].

2004 жылдың 22 маусымында, кезінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, қазіргі Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың «Беласу» кітабы қытай тілінде жарық көрді. Соған орай автор «Чжэньминь жибао» газетінің журналистеріне берген сұхбатында: «Бұл кітаптың қытай тілінде шығуы Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың дамуына және нығаюына септігін тигізеді деп сенемін. Себебі бұл кітаптың кейбір парақтары Қытайға арналған...Қытай-Қазақстанның жақын серіктестерінің бірі, көрші мемлекет, сондықтан біз Сіздің еліңізбен ынтымақтастық қатынастарды дамытуға үлкен мән береміз», - деді. Қ.К. Тоқаев экономикалық өсімді, қолайлы инвестициялық ортаны және тұрақты әлеуметтік жағдайды ескере отырып, Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың маңызды стратегиялық мәні бар екенін атап айтты. Кітабында Қазақстан тәуелсіз сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуына терең әрі қызықты талдаулар жасалған. Кітапта авторының өзекті халықаралық проблемаларды шешу жолдарын, халықаралық терроризм сияқты күрделі тақырыптарға да қалам тартады. Сондай-ақ автор өзінің өмірбаяндық эпизодтары мен жеке бақылауларын да қамтып жазған.

2017 жылғы 5 маусымда, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Астанаға сапары қарсаңында, Елбасы кітапханасының Талдау орталығы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты және қытайтану орталығы бірлесіп, Си Цзиньпиннің «Ел басқару туралы» кітабының қазақ тіліне аудармасының тұсаукесер таныстырылымын салтанатты түрде өткізді. Қазақстанда «Қытай реформаторы Дэн Сяопин» атты еңбектің қазақ тіліндегі аудармасы баспадан шықты [6].

Қазақстан мен Қытай басшыларының еңбектерінің қазақ, орыс және қытай тілдеріне аударып баспадан шығуы – екі мемлекеттің ұстанған ішкі және сыртқы саясатарын түсінудің құжаттық негізі болып табылады. Сондай-ақ екі ел халықтарының өзара түсінуі мен ынтымақтастық байланыстарын дамытатудың саясаттық негізі болып табылады.

Поэзия аудармасы. Қазақ поэзия әлемнің алдыңғы қатарынан орын алады. Соңғы жылдары көрнекті қазақ ақындарының туындылары қытай тіліне аударылып келеді. Қытайдағы көрнекті жазушы, аудармашы Қайша Тәбәрәкқызы аударған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қаздар қайтып барады» («远飞的大雁») атты өлеңдер жинағы, 2011 жылы «Шыңжаң жастар өрендер» баспасында жарық көрді. Оны оқыған қытайлық әдебиет сыншылары: «Мұқағалидай лерик ақыны бар қазақ – ұлы халық», - деген екен. Міне, бұл көркем шығармалардың танымдық құдыреті болса керек [7]. Қытайлық оқырмандардың қазақ поэзиясына қызығуына орай, өткен жылы және де Қайша Тәбәрәкқызының аудармасымен Ұлықбек Есдәулет бастаған оншақты қазақ ақындарының өлеңдері жинақ болып қытайда баспадан шықты. Қытай оқырмандарды бұл жинақты да жылы қабылдап отыр.

Қытай тілінен аударылған танымдық басылымдар. 2015 жылы бері отандық баспалар қытай тіліндегі танымдық, білімдік маңызы бар әмбебап еңбектерді қазақ тіліне аударып шығарып келеді. Бұл сынды еңбектерді белгілі қытай тілінің маманы Ардақ Қалиоллақызының тәржімалап, «Қазақ энциклопедиясы» баспасы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті баспа үйі» шығарып келеді. Нақтылап айтқанда, Жу Юңсин жазған «Ұстаздарға» атты кітабы 2020 жылы жарық көрді. Бұл еңбекте жаңа білім беру тәсілдерінің артықшылықтары, ұстаз бақытының неде екендігі пайымдалған. Автор жұмыс пен отбасы жүгін тең көтеретін қуатты сақтау үшін, уақытты қалай дұрыс пайдалануға болатынын баяндайды. Ұстаздарды оқушылармен бірге үнемі ізденісте болуға, үздіксіз оқып, еркін дамудың, жаңа білім беру арқылы біліктілікті арттырудың жолдарын көрсетеді. Бұл еңбек ұстаздардың білім беру тәжірибесінде кездескен түрлі қиындықтарға қатысты қойған сұрақтарға жауап берген. Аталмыш еңбек тек ұстаздарға ғана емес, көпшілік қауымға да берер тәлімі мол, қарапайым жатық тілмен жазылған танымдық еңбек болып табылады. Автор еңбегін «Көбірек кітап оқу бізді саналы, парасатты әрі білімді тұлғаға айналдырады. Ұлттың рухани өсуі сол халықтың кітап оқу деңгейіне байланысты» деген қортындысымен түйіндейді [8].

Ардақтың аударуымен 2021 жылы «Қазақ университеті баспа үйінен» шыққан Қытайдың данагөй ойшылы, қытай педагогика ғылымына өзіндік із қалдырған Ян Жытұйдың «Ян әулетінің отбасылық тағылымы» атты кітап, Қытайда ең көп оқылған кітаптардың бірі. Аталмыш шығармада отбасылық қарым-қатынас, өзара сыйластықты әнгімеге арқау етіліп, философиялық, педагогикалық тағылымы мол ойлар айтылады.

Пэн Линнің «Қытайдың салт-дәстүрі мен музыка мәдениеті» атты еңбегі де 2020 жылы аталған баспа үйінен шықты. Бұл еңбекте автор қытай халқының көнеден қалыптасқан салт дәстүрін, музыка мәдениетін, мәдениеттердің шығу төркінін, олардың адамзат баласына тигізген ықпалы, адамдар арасындағы қарым-қатынас, сыртқы және ішкі үйлесімділік, отбасылық құндылықтардың маңызын сипаттайды. Аталмыш еңбектен қытай халқының тұрмыстық салт-санасы мен музыкасының философиялық астарын аңғаруға болады [9].

2020 жылы баспадан шыққан «Жу Юңсиннің білім беру туралы даналық сөздері» атты еңбеге, ғалымның білім жүйесін нарықтық экономикаға негізделген инновация және ақпараттық қоғам құруға жауап беретін кадрлар дайындау жөнінде айтқан даналық сөздері пайымдалып, білім беру жөніндегі ойлары мен пікірлері топтастырылған. Бұл еңбектердің танымдық және практикалық маңызы жоғары.

Қазақша-қытайша анықтамалық еңбектер. Әр түрлі тіл-жазудағы мәдениеттердің өзара алмасуына көпір болатын құрал, ол – сөздік. Қазақтар мен қытайлар бір-бірінің тілін үйренуге, басылымдарын аударуға көп қолданылатын құрал анықтамалық сөздіктер екені белгілі. Қазірге дейін Қытайда және Қазақстанда жарық көрген сөздіктердің екі ел арасындағы мәдениет алмасудағы маңызын айырықша.

Қытайдағы белгілі баспагер ғалым С. Найманның бас редакторлығымен және қатысуымен ұжымдық авторлар құрастырылған «Қазақша-қытайша сөздік» («**哈汉辞典**») 1979 жылы «Шыңжаң халық баспасынан» шықты. Кейін бұл сөздік С. Найманның жетекшілігімен толықтырылған нұсқасы 2006 жылы және 2012 жылы сол баспада қайта басылды. Соңғы нұсқасына 5 мың 200 ден астам жеке әріп (иероглиф), 120 мыңнан астам сөз, сөз тіркестері және тұрақты тіркес (идиом) енгізілген [10].

Белгілі филолог ғалым Нұрбек Әбікенұлының бас редакторлығымен және қатысуымен (Суй Чэндэ, Ли Цзэчэн, Дэуен Тырнақан, Хань Юйшунь, Шэ Гуанхуа құрастырған) «Қазақша-қытайша сөздік» («**哈汉辞典**») 1989 жылы Бейжин «Ұлттар баспасынан» басылып шықты. Бұл қазақша-ханзуша (қытайша) салыстырмалы сөздікке қазіргі заман қазақ тілінен 40 мыңнан астам сөз қамтылған. Бұл сөздіктің Ж. Ошан, М. Шақанқызының криллицаға түсірген нұсқасы Алматыда 2010 жылы «Қайнар Университеті» баспасып шықты (Sultanov K, 2000, 212 p). 2020 жылы аталмыш сөздікті «Алматы Орхон» баспасы екі том етіп басып шығарды.

2017 жылы белгілі филолог қытайтанушы ғалымдар Дүкен Мәсімханұлы мен Айнұр Әбиденқызы құрастырған «Қытайша-қазақша үлкен сөздік» («**汉哈大辞典**») Алматыда «Қазақпарат» баспасынан жарық көрді. Бұл сөздікте қазіргі қытай тіліндегі қолданыста бар 70 мыңға таяу сөздер мен сөз тіркестері қамтылған. Елімізде осындай қытайша-қазақша және қытайша-қазақша үлкен сөздіктердің баспадан шығып, қолданысқа енуі, екі ел халықтарының бір-бірінің тілдерін үйрену мен аударма істерінің дамуына белсенді рөл атқарып отырғаны жоққа шығаруға келмейтін факті [11].

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы дипломатиялық қатынас орнатқанан бері, екі арасындағы мәдениет саласындағы байланыстар мен ынтымақтастықтар да үрдіс дамып келеді. Әсіресе гуманитарлық салада басылымдар алмасу байланысы қалыптасып, дамып келеді.

Қазақстан мен Қытай арасында өзара алмасып отырған басылымдарды жіктеп қарайтын болсақ, негізінен тарихи ғылыми танымдық еңбектер, тарихи жазба деректер, классикалық көркем шығармалар, философиялық және танымдық еңбектер, педагогикалық практикалық маңызы бар кітаптар. Бұл сынды басылымдардың өзара алмасуы – екі ел халықтарының рухани түсіністікке жетелейтін құнды еңбектер екені ешкімге күман тудырмайды.

Қорытынды

Екі ел халықтарының бір-біріне болған танымдары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына қарағанда, біршама объективтілікке қарай жақындап келеді. Өйткені екі еларасындағы тығыз ынтымақтастық байланыстар мен тығыз араласулар және басылымдар алмасу – олардың өзара танымдарын тереңдете түсті, рухани жақтан жақындастырды деуге болады. Әрине, адамдар танымы олардың мәдени, білім деңгейіне байланысты болады. Таным қоғамдық болмыстың аңысы, қоғамдық практика адамдарға көзқарас қалыптастырады, тәрбиелейді. Сондықтан адамдардың белгілі бір нәрсеге әр түрлі танымда болуы қалыпты жағдай.

Әрине, Қытай әлемдегі алып мемлекет болғандықтан олардың Қазақстанға ықпалы жан-жақтылы әрі басым деуге болады. Оның үстіне Қытайдың өздерін сыртқы ықпалдардан сақтайтын саясаты мықты жүреді. Қытайдың бөтен мәдениетті қабылдаудағы талғампаздығы – еліміге үлгі боларлық. Еліміз де қазақ халқының мәдени құндылықтары мен дүниетанымы негізінде жат мәдениеттерді сұрыптап қабылдау керек, яғни қауырсынын тастап, дәнін алу принципі бойынша ұлттық мәдениетімізді байытып отыруға тиіспіз.

Қазақстан мен Қытай арасындағы басылымдар алмасу жақсы жолға қойылған, мемлекеттік деңгейде жүзеге асып келеді. Сондықтан екі ел арасындағы басылымдар алмасу ісі, болашақта тіпті де дами түседі санаймыз.

Әдебиет:

1. Лаумулин М.Т. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология. Алматы: КИСИ, 2000. 478 с.
2. Мұқаметханұлы Н. Изденіс: тарих пен замана. Алматы: Мерей, 214. 261 б.
3. Сыроежкин К. Казахи в КНР. Алматы, 2004. 212 с.
4. Смаиов А.А. Казахстан сегодня. Информационно-аналитический сборник. Алматы: Интеллсервис, 2002.
5. Әліпбаев Б. Абай институтының хабаршысы. №6 (6). 2010 2. 78 б.
6. Тарақов Ә.С. Аударма әлемі: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2011, 332 б.
7. Турсунбаев Т.А. Международные связи Республики Казахстан (1990–2000). М.: Экон-информ, 2002. 230 с.
8. Si Tszinpin. Towards a community of common destiny and a new future for Asia. Воао, 28 March 2015.
9. Султанов К. Состояние и перспективы казахстанско-китайских отношений // Policy. 1998. № 6.
10. Бабак В. Астана в треугольнике «Москва-Вашингтон-Пекин», казахстанско-китайские отношения // Центральная Азия и Кавказ. 2000. № 1(7).
11. Чжоу Ли. В Республике Казахстан все чаще говорят по-китайски. Статья посла КНР в Казахстане для газеты Жэньминь жибао [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://kz.china-embassy.gov.cn/rus/dszc/emba/201102/t20110216_1340563.htm

References:

1. Laumulin M.T. Kazakhstan v sovremennykh mezhdunarodnykh otnosheniyakh: bezopasnost, geopolitika, politologiya [Kazakhstan in modern international relations: security, geopolitics, political science]. Almaty: KISI, 2000. 478 s. [in russ.]
2. Мұқаметханұлы Н. Izdenis: tarikh pen zamana [Quest: history and time]. Almaty: Merey, 214. 261 b. [in kaz.]
3. Syroyezhkin K. Kazakhi v KNR [Kazakhs in China.]. Almaty, 2004. 212 s. [in russ.]
4. Smaiov A.A. Kazakhstan segodnya. Informatisionno-analitichesky sbornik [Kazakhstan today. Information and analytical collection]. Almaty: Intellservis, 2002. [in russ.]
5. Alipbayev B. Abay institutynyn khabarshysy. №6 (6). 2010 2. 78 b. [in kaz.]
6. Tarakov A.S. Audarma alemi: oqu quraly [World of translations: tutorial]. Almaty: Kazak universiteti, 2011, 332 b. [in kaz.]
7. Tursunbayev T.A. Mezhdunarodnye svyazi Respubliki Kazakhstan (1990–2000) [International relations of the Republic of Kazakhstan (1990–2000)]. M.: Ekon-inform, 2002. 230 s. [in russ.]
8. Si Tszinpin. Towards a community of common destiny and a new future for Asia. Boao, 28 March 2015.
9. Sultanov K. Sostoyaniye i perspektivy kazakhstansko-kitayskikh otnosheny [State and prospects of Kazakh-Chinese relations] // Policy. 1998. № 6. [in russ.]
10. Babak V. Astana v treugolnike «Moskva-Vashington-Pekin», kazakhstansko-kitayskiye otnosheniya [Astana in the Moscow-Washington-Beijing triangle, Kazakh-Chinese relations] // Tsentralnaya Aziya i Kavkaz. 2000. № 1(7). [in russ.]
11. Chzhou Li. V Respublike Kazakhstan vse chashche govoryat po-kitayski. Statya posla KNR v Kazakhstane dlya gazety Zhenmin zhibao [In the Republic of Kazakhstan, Chinese is

increasingly spoken. Article by the Chinese Ambassador to Kazakhstan for the People's Daily newspaper] [Elektronny resurs]. Rezhim dostupa: http://kz.china-embassy.gov.cn/rus/dszc/emba/201102/t20110216_1340563.h

¹Мукаметханулы Н. ²Хамарова Ж.

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби Алматы, Казахстан
E-mail: ¹nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com, ²zhanna.khamarova@mail.ru

АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ ОБМЕНА ПУБЛИКАЦИЯМИ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ

Аннотация. Целью статьи является анализ вопросов, связанных с обменом публикациями между Казахстаном и Китаем. В связи с развитием политико-дипломатических отношений между Казахстаном и Китаем постоянно развиваются и культурные связи между двумя странами. Одним из направлений является обмен книгами. Новизна, направления и идеи исследования. В статье изучается культурное взаимодействие изданий, в которых две страны обмениваются информацией на государственных языках друг друга. В настоящее время обсуждаются тенденции культурной интеграции путем исторического рассмотрения публикаций, поступивших в обмен, систематического анализа их содержания. Правомерно, что между разнородными народами происходит обмен культурами, происходит культурное влияние друг на друга. Общественные идеи великих мыслителей культивируют умы людей, расширяют их познание, влияют на мировоззрение и ценностные установки. Практическая значимость: рассмотрен вопрос о том, какое влияние оказывает современный обмен книжными изданиями между Казахстаном и Китаем на народы двух стран, сделан вывод о том, что публикации, поступающие в обмен между двумя странами, способствуют правильному формированию взаимопонимания и познания казахско-китайских народов. В статье использовались методы анализа, синтеза и диахронный метод.

Ключевые слова: Казахстан и Китай, культурные связи, классические издания, переведенные работы, культурное влияния.

¹Mukametkhanuly N. ²Khamarova Zh.

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
E-mail: ¹nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com, ²zhanna.khamarova@mail.ru

ANALYSIS OF THE DEVELOPMENT OF PUBLICATION EXCHANGE BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA

Abstract. The purpose of the article is to analyze issues related to the exchange of publications between Kazakhstan and China. Due to the development of political and diplomatic relations between Kazakhstan and China, cultural ties between the two countries are constantly developing. One of the directions is the exchange of books. Novelty, directions and ideas of the research. The article examines the cultural interaction of publications in which two countries exchange information in each other's official languages. The trends of cultural integration are currently being discussed through a historical review of the publications received in the exchange, and a systematic analysis of their content. It is legitimate that cultures are exchanged between diverse peoples, and cultural influence on each other takes place. The social ideas of great thinkers cultivate people's minds, expand their knowledge, and influence worldviews and values. Practical significance: the question of the impact of the modern exchange of book publications between Kazakhstan and China on the peoples of the two countries is considered, it is concluded that the

publications received in the exchange between the two countries contribute to the correct formation of mutual understanding and knowledge of the Kazakh-Chinese peoples. The methods of analysis, synthesis and the diachronic method were used in the article.

Keywords: Kazakhstan, China, cultural relationships, publications of classical works, multilingual publication, cultural interaction.

Авторлар туралы мәлімет:

Мұқаметханұлы Нәбижан, тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Хамарова Жанна, «Шығыстану» мамандығының 2 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Мукаметханулы Набижан, доктор исторических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Хамарова Жанна, магистрант 2 курса по специальности «Востоковедение», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Muhametkhanuly Nabizhan, Doctor of Historical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Khamarova Zhanna, 2nd year Master's degree in Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

*Келіп түсті 25 желтоқсан 2023 жыл
Қабылданды 25 мамыр 2024 жыл*